

• Кәсіби мереке

МӘДЕНИЕТ САЛАСЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ



Өткен сенбі, яғни 27 мамырда қазақстандықтар мәдениет және өнер саласы қызметкерлерінің мерекесін атап өтті.

Мереке қарсаңында Абай атындағы театр-да Семей қаласының әкімі Бақытжан Байахметов мұражай, филармония, кітапхана, театр және басқа да мәдениет нысандарының басшыларымен және қызметкерлерімен кездесті.

Шақырылған қонақтар арасында Мұқан Төлебаев атындағы музыка училищесінің директоры Сайлауғазы Ахметов, «Хак» татар-башқұрт одағы қауымдастығының басшысы Ғабдуллах Ахунжанов, мәдениет ардагері Адай Азаматов, Қалалық Мәдениет сарайының директоры Нүриден Иманбаев, мұражай директорлары, театр әртістері және тағы басқалар болды.

Салтанатты шарада қала басшысы Бақытжан

Байахметов шығармашылық өкілдерін төл мереке-лерімен құттықтап, алғыс хаттармен және медаль-дармен марапаттады.

- Кескіндеме, әдебиет - ұрпақтар үшін сақталатын, өткенді мақтан етуге және ата-бабаларымыздың мұрасын арттыруға үйрететін мәдениет пен тарих туралы білім қоймасы. Музыка - бұл біздің өміріміздің әр түрлі кезеңдеріне оралуға болатын із. Әрине, бұл мерекенің мақсаты қоғамда мәдени сананы қалыптастыруда осы сала өкілдерінің маңызды рөлін көрсетуге бағытталған.

Сіздердің тұрақты шығармашылық жолдарыңыз қаламыздың үздік мәдени дәстүрлерін сақтауға және көбейтуге, қоғамдағы үйлесімділікті жандандыру және қоғамдық сананы жаңғырту мақсатында өнерді одан әрі дамытуға бағытталған.

Сіздердің кәсіби шеберліктеріңіз бен еңбексүйгіштіктеріңіз үшін, мамандыққа адалдықтарыңыз үшін шынайы алғысымды

білдіремін. Баршаңызға мерекелік көңіл-күй, шығармашылық табыс, бақыт, денсаулық, бей-бітшілік пен амандық тілеймін! - деді Бақытжан Кәкенқажыұлы.

Қала басшысы орталықтандырылған кітапхана жүйесінің директоры Гүлниса Молжігітоваға, Ф.Достоевский атындағы театрдың актері Андрей Глушковқа «Қалаға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісін табыс етті.

Мәдениет басқармасы басшысының алғыс хатымен қаланың зағип және нашар көретін азаматтарына арналған арнайы кітапхана брайлисі Арман Жапелова, сондай-ақ нашар еститіндерге арналған клубтың мәдени шараларды ұйымдастырушысы Жанна Ультаракова марапатталды.

«Невзоровтар отбасы» мұражайының кіші ғылыми қызметкері Ольга Феденева, Ө.Қашаубаев атындағы мемлекеттік филармонияның директоры Айбек Бекбосынов, Қалалық Мәдениет сарайының әртісі Жанболат Шәріпов және «Дарига-ай» театрының әртісі Елдос Қасымбеков қала әкімінің грамоталарымен марапатталды.

Қала әкімінің алғыс хаттарын Абай атындағы кітапхана қоймасының басшысы Мейрамгүл Азаматова, Ф.Достоевский атындағы музейдің экспозициялары мен көрмелерін ұйымдастыру секторының меңгерушісі Владимир Мирсалимов, Ф.Достоевский атындағы театрдың актері Александр Сухов және Ө. Қашаубаев атындағы мемлекеттік филармонияның бас дирижері Нұрлан Төкей алды.

Мәдениет қызметкерлерінің күніне орай, Андрей Глушковтың О' Генридің «Тағдыр жолдары немесе біз таңдаған жолдар» әңгімелеріне негізделген музыкалық спектаклінің көрсетілімі ұйымдастырылды. Қойылымды ұйымдастырушылар көрермендің көңіл-күйін көтеріп қана қоймай, әрқайсымыздың таңдауымызды, біздің тағдырымыздағы жағдайлардың рөлі және өз тағдыры туралы ойлауға шақырады. Спектакльдің қоюшы суретшісі - Виктор Шмидт.

Мереке Абай атындағы музейдегі «Музей түні» шарасымен аяқталды.

Семей қаласы әкімінің баспасөз қызметі